

- Табиғат - біздің анамыз.

Айтқандарын дәлелдеп, мағынасын ашу талап етіледі және мұғалім толықтырып отырады. Белгілі бір затты немесе оқиғаны суретте салыстыра отырып, суреттеу оқушылардың өз ойын айтуда жазба түрде тиянақты жеткізуге үйрету. Айырмашылығы мен ұқсастығын айыра білуге үйрету, қуанышты және аянышты түрде оқиғаларды салыстыра суреттеу, сезіне білуге үйрету. Белгілі бір затты жасырып, жұмбақ құрастыру, танымды ойындар (метеграмма, сөзжұмбақ, ребус, кроссворд) құрастыру оқушылардың қызығушылығын арттырып, сөздік қорларын молайтып логикалық ойлау қабілеттерін дамытады. Үлестірме тапсырмалар да ой-өрісі, ауыз екі сөйлеу тілі, жазу дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқу материалдарына қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілері (ертегі, аңыз, әңгімелер, жырлар, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, жұмбақ, жаңылтпаш, ұлттық ойындар т.б.) сабақ мазмұнына сай енгізу баланың алған білімін толықтырып байытып, жан-жақты дамуына дәйекті ықпал етеді. Сондықтан мазмұны жағынан ұлтымыздың асыл мұраларын дәріптейтіндей баланың бойына озық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді сіңіретіндей имандылыққа тәрбиелейтіндей жұмыс түрлері әрбір сабақта көрініс тауып отырады.

Мұғалімнің ең үлкен міндеті- бала белгілі бір шешім тауып, өз туындысын ұтымды аяқтап шыққанға дейін оның назарына тыс қалдырмай, шығармашылық бағыт-бағдар беріп отыру керек.

Әрбір оқушының шығармашылық күш қуатын толық пайдаланып жұмыс істеуіне өз күшіне сенімділігін еңбігінің қуанышын сезіне білуіне ықпал ететін әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып оқушылардың өздігінен білімін жетілдіруге ықпал етеді.

Төменгі сынып оқушыларымен жұмыс істеген әрбір ұстаз оқушыға жеке қарым-қатынас жасау арқылы олардың қабілетін байқайды, ерекшелігін аңғару арқылы жүрегіне жол табуға тырысады.

Ұлы педагогтар мен психологтардың айтуынша баланы тәрбиелеу және оқыту оның жақсы қасиеттерін басшылыққа ала отырып жүргізуге бағыт береді.

Оқушылар біліміндегі олқылықтарды жоюдағы мұғалімнің жүйелі жұмыстарын қорыта келе, мынадай ұсыныстар ұсынамын:

- техникалық құралдардың жеткілікті болуы;
- сабақта жаңашыл технологияларды пайдалану;
- кітапханамен тығыз байланыс жасау;
- оқушылардың шығармашылық қабілетін, тілін, логикалық ойлау қабілетін дамыту үшін әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдану;
- ата-анамен жұмысты жүйелі түрде келтіру.

Әдебиеттер:

1. «Ата-аналарға арналған сөздік» Алматы: Мектеп, 2000
2. Жұмабаев М. «Педагогика» Алматы
3. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. Алматы, 1995

Өмірзақова М.Қ., Медиева С.Х.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аннотация. Сапалы оқыту және өздігінен оқып білім алуға баулу негізіндегі оқушыларды парасатты азамат етіп тәрбиелеуге байланысты педагогикалық үрдісте оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыру жолдары қарастырылған. Бастауыш сыныпта өзіндік жұмысты ұйымдастырудың негізгі шарттары мен тапсырмаларды орындау, түрлі әдістемелік тәсілдерді пайдалану мүмкіндіктері берілген.

Кілт сөздер: өзіндік жұмыс, сапалы оқыту, мұғалімнің қызметі, шығармашылық жұмыстары, әдіс-тәсілдер, оқулықпен жұмыс, дидактикалық материалдар.

«Бүгінгі күні заманымызға сай ұстазымыз қандай, мектебіміз қандай болу керек?» деген сан сұраулар көкейімізде тұрады. Ұстазсыз мектепті, мектепсіз ұстазды көз алдына елестету қиын. Сондықтанда осы сұрақтарға жауап іздеп, еліміздің ертеңі-болашақ жастарға білім мен тәрбие беруде бастауыш сынып мұғалімдерінің де еңбектері өте зор екенін айтатеккенім артық болмас.

Өзіндік жұмысты ұйымдастыруда мұғалімнің кәсіптік шеберлігі. Бүгінгі таңда ғылым мен техника қарқындап өсіп отырған шақта мектеп бағдарламасы мен оқулықтарына, олардың барлық жетістіктерін енгізу мүмкін емес. Осы себептен де мектеп ертеңгі білімнің негізін қалап, оқушылардың өздігінен ізденіп, білім алуларына мүмкіндік жасауы тиіс. Сапалы оқыту және өздігінен оқып білім алуға баулу негізінде ғана оқушылардан парсатты азамат тәрбиелеп шығуға болады. Осыған орай, мектеп бітіруші әрбір оқушы ғылым негіздерінің жаңалықтарымен хабардар болып, кейін сол алған білім мен іскерлігін одан әрі дамытуға тиіс. Бұл өскелең өмір талабы. Қазіргі кезде Қазақстан мектептерінде педагогикалық үрдістің сапасын көтерудің бай тәжірибесі жинақталып келеді. Солардың бірі педагогикалық үрдісте оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыру. А.Байтұрсыновтың пікірі бойынша, бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі- оның білімнің, шеберлігі ұзақ жолды қысқарту үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап, беру мен бетік белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру керек. Оқушылардың өзіндік жұмыстарының мән-мағынасын ұйымдастырудың тәсіл-амалдарын бір ғана белгімен сипаттауға болмайды. Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру мұғалімнен шығармашылықты, шеберлікті; жоғары әдістемелік дайындықты талап етеді [1].

Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар: -мұғалімнің нақты тапсырмалар беруі; - жұмысты орындаудың уақытын белгілеу; - мұғалімнің басқаруымен оқушылардың дербестігінің өзара байланысы- олардың жұмысты өз еркімен және қолдарымен істеу, оған әсер ететін мотивтер; - өзіндік жұмыс барысында орындалатын есептердің мазмұнын оқушы түсінуі керек; - оның орындалуы жайлы оқушыларға нұсқау беру керек; - жұмыстың орындалуын қадағалау керек; - өзіне-өзі талдау жасау, байқау; - оқушылардың жұмысын тексеру, қателерін анықтау. Оқушылардың өзіндік жұмысына мұғалімнің тапсырмасы бойынша, өздері жоспар жасап, істің тәсілін анықтап, оның нәтижесін бағалап орындайтын жұмыстары жатады. Сонымен қатар, оқушылардың өзіндік жұмысының жоғары түріне олардың өз еркімен жаңа амал-тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары жатады. Оқушылардың өздік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру сабақ сапасының артуына септігін тигізеді. Өздік жұмыс кезінде оқушылар оқулықпен және дидактикалық материалдармен, түрлі анықтамалық кітаптармен, газет-журналдармен жұмыс істеуге үйрене бастайды. Өздігінен білім алуға талпынады. Жұмысы нәтижелі болса, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады.

Өздік жұмыстар ұйымдастыруда мынадай талаптар орындалуы қажет: 1. Өздік жұмыстың мазмұны бағдарламаға қойылатын талаптарға сәйкес келуі керек;. 2. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға тиісті; 3. Өздік жұмыстар түрі және мазмұны жағынан әртүрлі болуы керек;. 4. Әрбір өздік жұмыс тексеріледі және бағаланады; 5. Өздік жұмысты тек қайталау кезінде ғана жүргізбей, сабақтың барлық кезеңдерінде, орынды жерінде өткізу керек. Дидактикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған жұмыс білімді тереңдетуге, толықтыруға, дағды мен іскерлікті қалыптастыруға, танымдық әрекетке қызығуды туғызуға, таным үрдісінің әдіс-тәсілдерін игеруге, танымдық қабілетінің дамуына, адамның дербес жұмыс істеу және ғылыми жұмыстармен айналысуға мүмкіндік жасайды.

Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты- оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығуын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс-тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлауына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балалардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тануды ойлап, оқушылардың, шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің негізгі міндеті. Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман мұғалімге сегіз қырлы бір сырлы ерен қасиет иесі болуды міндеттейді[2].

«Ел болсам десең-бесігіңді түзе» демекші мемлекеттің ертеңі, қауіпсіздігі бүгінгі мектеп парталарында отырған оқушылардың санасын қалыптастыру мақсатында олардың санасына қандай «дәннің» себілуіне байланысты. Ал дәл бүгінгі күн үшін «дән дегеніміз-оқулықтар, оны тиімді жолмен, әдіспен пайдалана білу, ұрпақтың ойын, санасын жетілдіру, ол қандай жолмен жетілдіреді, бұл мәселе мұғалімнің қолында. Бұрынғы дәстүрлі оқыту технологияларында қолданылған жалпылама әдіс-тақтамен жұмысты сыныптағы 3-4 оқушы орындайды, қалғандары оны көшіреді, ұқты ма, жоқ па әрі қарай сабақ жалғаса ереді. Бұл әдіс ескірді Қазір оқу технологияларында пайдаланып жүрген әдістердің бірі өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыру. Өз бетінше жұмыс –бұл оқушының берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз өздігінен орындауы.

Өздік жұмыстардың негізгі түрлері: оқулықпен жұмыс, жаттығулар, практикалық және зертханалық жұмыстар, тексеру, бақылау, жұмыстары, рефераттар мен баяндамалар жасау, тест жұмысын орындау болып табылады. Өздік жұмыс теориясының дамуының ерекшелігі болып, әрекетті белсендіруге ықпал етуші оқыту әдістерін сипаттаудағы әртүрлілік. Нәтижесінде көптеген ұстанымдар туындайды, олардың негізінде өзіндік жұмыстың сұрыпталуы құрылады: а) оқушының объектіні тану барысында ойлау операциялары; б) дидактикалық мақсат, в) ақпарат көзі және оларға тапсырмалардың түрі, г) оқушылардың оқу әрекетінің мінез-құлқы, д) оқушының танымдық әрекетінің құрылымы. Сұрыпталу принциптерін тереңірек қарастырса, ол өзіндік жұмысты жан-жақты зерттеуге көмектеседі, онсыз осы теорияның дамуы мүмкін емес[3].

Оқушылардың өзіндік жұмысына мұғалімнің тапсырмасы бойынша, өздері жоспар жасап, істің тәсілін анықтап, оның нәтижесін бағалап орындайтын жұмыстары жатады. Сонымен қатар, оқушылардың өзіндік жұмысының жоғары түріне олардың өз еркімен жаңа амал-тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары да жатады. Өзіндік жұмысы кезінде оқушылар оқулықпен және дидактикалық материалдармен, түрлі анықтамалық кітаптармен, газет-журналдармен жұмыс істеуге үйрене бастайды. Өздігінен білім алуға талпынады. Жұмысы нәтижелі болса, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады. Өзіндік жұмыс ұйымдастыруда мынадай талаптар орындалуы қажет: 1. Өздік жұмыстың мазмұны бағдарламаға қойылатын талаптарға сәйкес келуі. 2. Мұғалімнің нақты тапсырма беруі. 3. Оқушының ойлау қабілетін дамытуы тиіс. 4. Өздік жұмыс түрі және мазмұны жағынан әр түрлі болуы керек. 5. Әрбір өзіндік жұмыс тексеріледі және бағаланады. 6. Өзіндік жұмыстың басталу уақыты мен аяқталу уақыты болуы керек. 7. Өзіндік жұмыс сабақтың барлық кезеңдерінде, орынды жерінде өткізу керек. Өзіндік жұмысты ұйымдастыру формалары: жеке оқушы, топпен жұмыс, барлық оқушылармен. Әр топтың бір басшысы болады – үлгерімі жақсы оқушы. Ол білмегендерге кеңесін беріп, көмектесіп отырады. Топ бойынша өздік жұмыс істегенде, әр топ келесі топқа өз сұрақтарын кезекпен қояды. Мұнда оқушылар үйде өз беттерімен сұрақтар, сызбалар, плакаттар, суреттер, сөзжұмбақтар дайындап әкеледі. Сұрақтың жауабын өздері біліп, дәптерге не бір паракқа жазып қояды. Өзіндік жұмыстың негізгі түрлері: оқулықпен жұмыс, жаттығулар, практикалық және зертханалық жұмыстар, тексеру, бақылау жұмысы, сынып жұмысы, шығармашылық жұмыс, рефераттар мен баяндамалар, тәжірибелер жасау, тест жұмысын орындау. Өздік жұмыстар әр сабақта міндетті түрде жүргізіліп отыруы қажет. Өз іс тәжірибемдегі бірнеше жұмыстарға тоқталып өтсем: Диктант жұмысын жүргізгеннен кейін, алдарына «Өзіндік тексер» жадынамасын беріп сол бойынша істейміз. Тақырып бойынша бақылау жұмысын жазғаннан кейін, жіберілген қателермен жұмыс жасаймыз. Қате жіберілген тапсырмаларға ұқсас мысалдар алып, нұсқалар бойынша жаттығулар жасаймыз, оқулықтан ереже іздеп, тауып, оқуға тапсырма беремін, оқушы өз қатесін тауып алады.

Оқушының өзіндік әрекетінің нәтижесінде оның бойында мынадай қасиеттер қалыптасады: 1. Өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздылығы. 2. Оқуға деген қабілетінің артуы. 3. Берілген білімді игеру ғана емес, оны жаңалап және тиімді игеру жолдарын түсіне білу ниеті. 4. Басқа оқушының түсіндірмелеріне сын көзбен қарау. 5. Өз ойының дербестігі. Өздік жұмыс жасауға үйрету жолдарының бірі - әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындай білуі. Әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар жасау әр оқушымен жеке жұмыс істеуге көмектеседі [4].

Оқушылардың өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру сабақ сапасының артуына септігін тигізеді. Теориялық білімнің терең бекіп, жүйелі қалыптасуына өздік жұмысқа берілетін тапсырмалар дұрыс таңдап алынып, құрастырылуына байланысты болады. Қорыта келгенде, оқушыны өздік жұмысын жасауға үйрету негізінде әрбір жеке тұлғаның өзіндік табиғатын қалыптастыру, білімділік деңгейін көтеру болып табылады.

Әдебиеттер:

1. <http://collegu.ucoz.ru/publ/49-1-0-16556>
2. Абдурахитова О.. «Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру»..// Қазақстан мектебі. № 11-12. 2005 ж. 29-30 б.
3. Бейсембаева З.. «Өзіндік жұмыс- кәсіби біліктіліктің көзі». // Бастауыш мектеп., 2002, №5, 14 -16 б.
4. <https://infourok.ru/bastauish-sinip-oushilarin-oitu-procesinde-zindik-zhmisin-yimdistiru-1727599.html?ysclid=ldb7ryqope376247790>